

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 275-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 қыркүйекте № 7933 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 393-ө бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 29.12.2012 № 393-ө бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, 2007 жылғы 11 қаңтардағы «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 1-қосымшаға сәйкес «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

2) 2-қосымшаға сәйкес «Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

3) 3-қосымшаға сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

4) 4-қосымшаға сәйкес «І санаттағы объектілері үшін экологиялық рұқсат беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

5) 5-қосымшаға сәйкес «Қауіпті қалдықтар паспорттарын тіркеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

6) 6-қосымшаға сәйкес «І санаттағы объектілері үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беру» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған

ортаны қорғау министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я м и н и с т р і

А. Жұмағалиев

2012 жылғы 12 қыркүйек

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ыл ғы 4 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 2 7 5 - ө б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» (бұдан әрі – регламент) мемлекеттік қызмет регламенті Қазақстан Республикасы Заңының «Әкімшілік рәсімдер туралы» 9-1 бабының 4-тармағына сәйкес өңделген.

2. Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) – жеке және/немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат құқығын беретін үрдіс.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің қалпы: а в т о м а т т а н д ы р ы л м а ғ а н .

4. Осы мемлекеттік қызметті көрсететін мемлекеттік орган «Қазақстан

Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Мемлекетті қызмет келесі мекен-жай бойынша көрсетіледі: 010000, Астана қ., Министрліктер үйі (сол жағалау), Орынбор к-сі, № 8, үй, № 14 кіреберіс, www.esokomitet.kz, № 334 кабинет, байланыс телефондары: 8 (7172) 740887, 740909, сағ. 9.00-ден 18.30-ге дейін, сенбі, жексенбі және мейрам күндерінен басқа күн сайын, түстік үзіліс сағ. 13.00-ден 14.30-ге дейін.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 314-бабы және «Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы № 508 Қаулысы, сондай-ақ 2012 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1033 қаулысымен бекітілген «Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметтің аяқталу қалпы (нәтижесі) озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру қалпымен бітеді немесе қызмет көрсетуден дәйекті бастарту болып табылады.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Стандартының 7-тармағымен регламенттеледі.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде басқа мемлекеттік органдар қатыспайды.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

9. Қызмет келесі мекен-жай бойынша көрсетіледі: 010000, Астана қ., Министрліктер үйі, Орынбор к-сі, № 8 үй, № 14 кіреберіс. сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі, жексенбі және мейрам күндерінен басқа күн сайын, түстік үзіліс сағ. 13.00-ден 14.30-ге дейін.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз кезекпен, кеңседе № 459 кабинетте өткізіледі.

Рұқсаттар беру Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау

министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Рұқсаттар мен лицензиялар беру басқармасымен № 327 кабинетінде жүзеге асарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету орнының ерекше шарттары қарастырылмаған.

10. Жұмыс кестесі: күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағ. 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағ. 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс сенбі, жексенбі және мейрам күндері.

11. Осы мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушылар құзырлы органға Стандартының 11-тармағы 1-тармақшасымен қарастырылған құжаттарды ұсынады.

13. Өтінім мен құжаттар тігіледі және өтінім беруші ұйым басшының қолымен және мөрімен куәландырылады (заңды тұлғалар үшін).

14. Рұқсатты қайта рәсімдеу үшін қажетті құжаттардың тізімі Стандартының 11-тармағы 2-тармақшасында қарастырылған.

15. Ақпараттық қауіпсіздікті талап етпейді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету үрдісі кезіндегі келесі құрылымдық-функционалды бірліктердің (бұдан әрі – ҚФБ) іске қосылады:

1) құзырлы органның кеңсесі;

2) құзырлы органның жетекшісі;

3) құзырлы органның жетекші орынбасары;

4) құрылымдық бөлімшенің бастығы;

5) құрылымдық бөлімшенің жауапты орындаушысы.

17. Әр ҚФБ кәдімгі амалдар (процедура, функция, операция) жүйелілігінің сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісіндегі және ҚФБ арасындағы әрекеттердің өзара байланысын логикалық жүйелілігін көрсететін сызба осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» (бұдан әрі – регламент) мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Әр ҚФБ кәдімгі амалдар (процедура, функция, операция) жүйелілігінің сипаттамасы

1-Кесте. ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

Негізгі үрдістің іс-әрекеті (жүріс, жұмыс ағыны)					
Іс-әрекет № (жүріс, жұмыс ағыны)	1	2	3	4	5
ҚФБ-нің атауы	Құзырлы орган кеңсесінің қызметкерлері	Құзырлы органның жетекшісі	Құзырлы органның жетекші орынбасары	Құрылымдық бөлімшелердің бастығы (рұқсаттар мен лицензиялар беру басқармасы)	Жауапты орындаушы
Іс-әрекет атауы (үрдіс, процедура, операция) және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, жетекші орынбасарды анықтау	Хат-хабармен танысу, қарастыру үшін құрылымдық бөлімшелерді анықтау	Хат-хабармен танысу, қарастыру үшін жауапты орындаушыны анықтау	Құжаттың толықтылығын анықтау, біліктілік талпарына сәйкестігін анықтау
Аяқтау формасы (мәлімет, құжат, организациялы-басқарушылық шешім)	Құжаттарға бұрыштама қою үшін жетекшіге ұсыну	Резолюция қою, жетекші орынбасарға жіберу	Резолюция қою, құрылымдық бөлімше бастығына жіберу	Резолюция қою, жауапты орындаушыға құжаттарды жіберу	сәйкес және сәйкес еместігі туралы қорытынды дайындау, құжаттарымен бірге құрылымдық бөлімше бастығына ұсыну
Орындалу мерзімі	1 сағат	1 сағат	1 сағат	1 сағат	2 сағат
Іс-әрекет № (жүріс, жұмыс ағыны)	6	7	8	9	10
ҚФБ-нің атауы	Құрылымдық бөлімшелердің бастығы (рұқсаттар мен лицензиялар беру басқармасы)	Құзырлы органның жетекші орынбасары	Жауапты орындаушы	Құзырлы органның жетекші орынбасары	Жауапты орындаушы
Процедура іс-әрекетінің атауы (үрдіс, процедура) және олардың сипаттамасы	Жауапты орындаушының қорытындыға қол қоюы	Жауапты орындаушының қорытындысын келісу	Рұқсатты рәсімдеу	Рұқсат бланкісіне қол қою	Рұқсаттар реестріне рұқсаттарды енгізу және рұқсатты тұтынушыға беру
Аяқтау формасы (мәлімет, құжат,	Құзырлы органның жетекші төрағасына	Рұқсаттарды рәсімдеу үшін жауапты	Құзырлы органның жетекші төрағасына	Жауапты орындаушыға қол қойылған	

организациялы-басқарушылық шешім)	келісуге қорытындыны құжаттарымен беру	орындаушыға қорытынды құжаттарымен беру	рәсімделген рұқсатты қол қою үшін беру	рұқсат бланкісіне беру	Тұтынушыға рұқсатты беру
Орындау мерзімі	2 сағат	2 сағат	2 сағат	1 сағат	Жұмыс күні ішінде

Е с к е р т п е :

Аталған кестеде ҚФБ-нің барлық іс-әрекеті (функциялар, процедуралар, операциялар) аяқталған формасы, орындалған мерзімі және мемлекеттік қызметті көрсету үрдісі кезіндегі технологиялық іс-әрекеттердің номерлерімен атап ө т і л е д і .

2 және 3-кестеде ҚФБ немесе ҚФБ топтарының логикалық іс-әрекет (өзара іс-әрекет) жүйелілігі секілді, 1 кесте негізінде пайдалану нұсқаларының кестесі т і з б е к т е л е д і .

Іс-әрекеттің атқарылу реттілігіне сәйкес пайдалану нұсқаларының кестесінде іс-әрекет жүйелілігі толассыз нөмірленген болуы тиіс.

2-Кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үрдіс

ҚФБ 1 тобы құзырлі орган кеңсесі	ҚФБ 2 тобы Құзырлі орган жетекшісі	ҚФБ 3 тобы Құзырлі органның жетекші орынбасары	ҚФБ 4 тобы Құрылымдық бөлімшелер
№ 1 іс-әрекет Құжаттарды қабылдау, өтініштерді тіркеу	№ 2 іс-әрекет Жетекші орынбасарды анықтау	№ 3 іс-әрекет Салынған резолюцияның орындалуы үшін құрылымдық бөлімшелерді анықтау	№ 4 іс-әрекет Өтінішті қарау, өтініштің заңға сәйкестігін анықтау, қорытындыны даярлау
		№ 5 іс-әрекет қорытындыны келісу	№ 6 іс-әрекет рұқсатты рәсімдеу
		№ 7 іс-әрекет рұқсатқа қол қою	№ 8 іс-әрекет рұқсатты тіркеу және тұтынушыға беру

Е с к е р т п е :

Негізгі үрдіс (негізгі сценарии) - бір іс-әрекет басқа бір іс-әрекетке көшкенде, барлық сұрақтар (шарттар) оң шешім алады және бастапқыда сұралған нәтижесі талап етіледі (анықтама, рұқсаттар және т.б.).

3-Кесте. Пайдалану нұсқалары. Балама үрдіс

ҚФБ 1 тобы құзырлі орган кеңсесі	ҚФБ 2 тобы Құзырлі орган жетекшісі	ҚФБ 1 тобы Құзырлі органның жетекші орынбасары	ҚФБ 1 тобы Құрылымдық бөлімшелер
№ 1 іс-әрекет Құжаттарды қабылдау, өтінішті тіркеу	№ 2 іс-әрекет Жетекші орынбасарды анықтау	№ 3 іс-әрекет Салынған резолюцияның орындалуы үшін құрылымдық бөлімшелерді анықтау	№ 4 іс-әрекет Өтінішті қарау, өтініштің заңға сәйкестігін анықтау, қорытындыны даярлау, бас тарту жауабын даярлау

		№ 5 іс-әрекет Бас тартуды келісу	
	№ 5 іс-әрекет Бас тартуға қол қою		
№ 5 іс-әрекет Бас тартылған жауапты өтініш иесіне беру			

Е с к е р т п е :

Балама үрдіс (балама сценарии) – бұл әлдебір шарттардың орындалмаған (қосымша келісімдер, сараптама және т.б. қажет) және мемлекеттік қызмет көрсету басқа тәртіпте жүзеге асырылатын кезде, үрдіс дәйекті бат тартуды берумен аяқталған кезде. Әр балама үрдіс үшін 2-кестеге сәйкес 3-кесте де толтырылады.

«Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру» (бұдан әрі – регламент) мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісіндегі және ҚФБ арасындағы әрекеттердің өзара байланысын логикалық жүйелілігін көрсететін сызба

Өзара іс-әрекеттің функционалдық диаграммасы



Қ а за қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у
 м и н и с т р і н і ң
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 4 қ ы р к ү й е к т е г і
 № 2 7 5 - ө б ұ й р ы ғ ы н а
 2-қосымша

«Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет), Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетіледі, сонымен қатар «электрондық үкімет» www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталдары (бұдан әрі – ЭҮП) а р қ ы л ы .

2. Электронды мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012

жылғы 8 тамыздағы № 1033 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті атқарушы органдармен қоршаған ортаны қорғау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандартын бекіту туралы» «Озон қабатын бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензиялар беру, лицензиялардың телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электронды мемлекеттік қызметтің автоматизациялау дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет) .

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялы.

5. Осы регламентте қолданылған ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (б ұ д а н ә р і - А Ж) ;

2) бизнес-сәйкестендіргіш нөмір – қызметін бірлесіп жүзеге асырушы жеке кәсіпкер және заңды тұлға (бөлімше және өкілдік) үшін қалыптасқан бірегей нөмір (б ұ д а н ә р і - Б С Н) ;

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта рәсімделген, тоқтатылған, жаңғыртылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ, лицензиялаушы бөлімшелері, өкілдіктері (объект, пункт, учаске), лицензиялаушы беретін лицензияның сәйкестендіргіш нөмірін орталықтандырылған қалыптастыратын лицензияланатын қызмет түрі (саласы) туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДҚ А Ж) ;

4) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында жеке сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДҚ);

5) жеке сәйкестендіргіш нөмір – жеке кәсіпкерге жеке кәсіпкер ретінде өз қызметін іске асырушы, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін қалыптасқан бірегей нөмір (б ұ д а н ә р і - Ж С Н) ;

6) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында бизнес-сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);

7) құрылымдық-функционалды бірлік (бұдан әрі – ҚФБ) қызмет көрсету процесінде қатысатын бар мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері, мекемелер немесе басқа да ұйымдар және ақпараттық жүйе тізімі;

8) пайдаланушы – ақпараттық жүйеге оған қажетті электрондық ақпараттық қорды алу үшін жүгінген және онымен қолданушы субъект;

9) транзакциялық қызмет – электрондық сандық қолтаңбаны қолданып, өзара ақпаратты алмасу арқылы электрондық ақпараттық қорды қолданушыға ұсыну қ ы з м е т і ;

10) электрондық цифрлы қолтаңба – электрондық құжаттың нақтылығын және оған тиесілі мазмұнының айнымастығын дәлелдейтін және электрондық сандық қолтаңба құралдары арқылы құрылған электрондық сандық белгілердің жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ);

11) электрондық құжат - электронды-сандық пішінде ұсынылған ақпараттар және электрондық сандық қолтаңба арқылы дәлелденген құжат;

12) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы электронды пішінде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

13) электронды лицензия – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы рәсімделетін және берілетін электронды құжат пішіндегі лицензия, қағаз н ұ с қ а л а р м е н т е н д е с ;

14) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

15) «электрондық үкіметтің» шлюзі - электронды қызметті жүзеге асыру шеңберінде «электронды үкімет» ақпараттық жүйесін интеграциялау үшін арналған ақпараттық жүйе (ЭҮШ);

16) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың «электрондық үкімет» төлемдерін жүзеге асыру кезінде және жеке банктік операцияларды жүзеге асыратын мекемелер мен екінші дәрежелі банктердің ақпараттық жүйесі арасындағы әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін арналған автоматты ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮТШ).

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызмет көрсетушінің қызмет тәртібі

6. ЭҮП арқылы қызмет көрсетушінің реттік іс-әрекеті (№ 1 диаграмма электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі өзара іс-әрекет) осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген:

1) компьютердің интернет-браузерінде сақталған өзінің тіркеу куәлігі ЭЦҚ арқылы ЭҮП тұтынушы тіркеледі (ЭҮП тіркелмеген тұтынушылар үшін атқарылады);

2) 1-жүріс – мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютерінің интернет-браузеріне қосады, тұтынушы ЭҮП-те паролін енгізу үрдісі (авторизация үрдісі);

3) 1-шарт – ЭҮП-да логины (ЖСН/БСН) және паролі арқылы тұтынушының тіркелгендігі жайлы мәліметтердің дәйектілігін тексеру;

4) 2-жүріс – тұтынушы мәліметтерінің бұрмаланғандығына байланысты ЭҮП-мен авторизациялаудан бас тарту туралы хабарламасының қалыптастыру;

5) 3-жүріс – осы Регламентте көрсетілген қызметті тұтынушы таңдайды, қызмет көрсету үшін сұраныс формасы экранға шығарылады және тұтынушы форманы оның құрылымдық және пішіндік талаптарына сай толтырады (мәлімет енгізеді), сұраныс формасына қажетті құжаттардың электронды түрде қыстырады;

6) 4-жүріс – ЭҮТШ-де қызметті төлеу, кейін осы ақпарат «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ түседі;

7) 2-шарт – қызмет көрсету үшін төленгенін «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-де тексеру;

8) 5-жүріс – «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-де қызмет көрсету үшін төлемнің болмауына байланысты сұраған қызметінен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

9) 6-жүріс – сұранысты дәлелдеу (қол қою) үшін тұтынушы ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдайды;

10) 3-шарт – ЭҮП-да ЭЦҚ тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін және тіркеу куәліктері кері қайтарылғандар (жойылғандар) тізімінде жоқтығын, сондай-ақ, сәйкестендіру ақпаратының (сұраныста көрсетілген ЖСН/БСН және тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкестігін тексеру;

11) 7-жүріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалылығы расталмағанына байланысты сұраған қызметтен бас тарту туралы хабарландыруды қалыптастыру;

12) 8-жүріс – қызмет көрсетуге толтырылған форманы (мәлімет енгізу) тұтынушының сұранысын ЭЦҚ арқылы дәлелдеу (қол қою);

13) 9-жүріс – электронды құжатты «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тіркеу (тұтынушының сұранысын) және «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ сұранысты өңдеу;

14) 4-шарт – қызмет көрсетуші тұтынушыны біліктілік талаптарына және лицензия беру үшін негіздерге сәйкестігін тексереді;

15) 10-жүріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушы мәліметтерінің бұрмаланғанына байланысты сұраған қызметтен бас тарту туралы хабарландыруды қалыптастыру;

16) 11-жүріс – тұтынушының ЭҮП-пен қалыптастырылған қызмет қорытындысын (электронды лицензия) алу. Электронды құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолдану арқылы құрылады.

7. Қызмет көрсетушінің шешімі және реттік іс-әрекеті (№ 2 диаграмма электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі өзара іс-әрекет) осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген:

1) 1-жүріс – мемлекеттік қызмет көрсету үшін «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет көрсетушінің қызметкерлерімен логин және паролін теру (авторизация ү р д і с і) ;

2) 1-шарт – логин және пароль арқылы «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ тіркелген қызмет көрсетуші қызметкері туралы мәліметтерінің дәлелдігін тексеру;

3) 2-жүріс – қызмет көрсетуші қызметкерінің мәліметтері бұрмаланғанына байланысты «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-мен авторизациядан бас тарту туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) 3-жүріс – қызмет көрсетуші қызметкерімен осы регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету үшін сұраныс формасын экранға шығару және қызмет көрсетуші қызметкерімен тұтынушының мәліметтерін енгізу;

5) 4-жүріс – ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ-на тұтынушы мәліметтері туралы сұранысты Э Ү П а р қ ы л ы ж о л д а у ;

6) 2-шарт – тұтынушы мәліметтерінің ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ-да болуын тексеру;

7) 5-жүріс - ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ тұтынушылардың мәліметтері жоқ болғанына байланысты ақпарат алу мүмкін еместігі туралы хабарландыру қалыптастыру;

8) 6-жүріс – сұраныс формасының қағаз нұсқасы бар болғаны туралы бөлігін толтыру тұтынушымен ұсынылған және қажетті құжаттарды қызмет көрсетуші қызметкерімен сканерлеп, оларды сұраныс формасына қыстыру;

9) 7-жүріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ сұранысты тіркеу және қызметті « Е - л и ц е н з и я л а у » М Д Қ А Ж ө н д е у ;

10) 3-шарт – қызмет көрсетуші біліктілік талаптарына және лицензия беру негіздеріне тұтынушының сәйкестігін тексеру;

11) 8-жүріс - «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-де тұтынушы мәліметтерінде бұрмалаушылықтардың болуына байланысты сұралған қызметтен бас тарту туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

12) 9-жүріс - тұтынушы «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-мен қалыптасқан қызмет қорытындысын (электрондық лицензия) алуы. Электрондық құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолдану арқылы қалыптастырылады.

8. Қызмет көрсету үшін сұраныс толтыру бойынша әрекеттердің сипаттамасы

:

1) ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне жалғау, ЭҮП кіру үшін тұтынушымен пароль енгізу;

2) «Электронды лицензия беру» қызметін таңдау;

3) «қызметке online тапсырыс беру» түймешесі арқылы қызметке тапсырыс беру ;

4) сұранысты толтыру ;

5) қызметті төлеу ;

6) алушымен ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдау;

7) сұранысты куәландыру (қол қою) – тұтынушы «қол қою» түймешесі арқылы ЭЦҚ сұранысын куәландыруын (қол қоюын) растайды, осыдан кейін сұраныс «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-не өңделуге жолданады;

8) «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-де сұранысты өңдеу: тұтынушы дисплейінің экранында келесі ақпарат шығады: ЖСН/БСН; сұраныс нөмірі; қызмет түрі; сұраныс статусы; қызмет көрсету мерзімі; «статусты жаңарту» түймешесі арқылы тұтынушыға сұраныстың өңделу қорытындысын қарау мүмкіндігі беріледі; «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-нен жауап алынған жағдайда «нәтижені қарау» түймешесі пайда болады.

9. Алушымен электрондық қызмет көрсету бойынша сұраныстың орындалу мәртебесін тексеру әдісі: «электрондық үкімет» порталында «қызмет алу тарихы» бөлімінде, сондай-ақ құзыретті органға жүгінген кезде.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету туралы қажетті ақпаратты және кеңесті ЭҮП-ның call – орталық: (1414) телефоны арқылы алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісі кезіндегі өзара іс-әрекет тәртібінің сипаттамасы

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісіне қатысатын ҚФБ: құзырлы орган қызметкерлері.

12. Іс-қимыл жүйелілігінің сипаттамасы (процедура, функция, операция) осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

13. Іс-әрекеттің (электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үрдісіндегі) логикалық тізбелігінің өзара байланысы оның сипаттамасымен сәйкес диаграммасы осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

14. Тұтынушыға қызмет көрсету нәтижелері осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткішімен өлшенеді.

15. Тұтынушыға қызмет көрсету үрдісіне қойылатын талаптар:

1) құпиялылық (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттарды алудан

қ о р ғ а у) ;

2) тұтастық түгелдік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттардың өзгеруінен қ о р ғ а у) ;

3) қолжетімділік (рұқсат етілмеген іс-қимылдармен ақпараттар мен қорларды ұстаудан қ о р ғ а у) .

16. Қызмет көрсетуге техникалық талаптар:

1) Ғаламторға шығу;

2) электронды лицензия берілетін тұлғаның ЖСН/БСН-нің болуы;


3) ЭҮП-те авторизациялану;

4) ЭЦҚ-ның пайдаланушысының болуы.


«Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі регламентіне
1-қосымша

ЭҮП арқылы қызмет көрсетушінің реттік іс-әрекеті және шешімі

ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі міндеттерінің өзара іс-әрекетінің № 1-диаграммасы



Қызмет көрсетуші арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі міндеттерінің өзара іс-әрекетінің № 2-диаграммасы



Шартты белгілер:

- Сообщение начальное
- Сообщение завершающее
- Сообщение промежуточное
- Простое событие завершающее
- Ошибка
- Информационная система
- Процесс
- Условие
- Поток управления
- Поток сообщений
- Электронный документ, предоставляемый конечному пользователю

«Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі регламентіне 2-қосымша

Іс-қимыл жүйелілігінің сипаттамасы (процедура, функция, операция)

1-Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

--	--	--	--	--	--	--

1	Іс-әрекет нөмірі (1 жүріс, жұмыс ағысы)		2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Пайдаланушы	ЭҮП	Пайдаланушы	ЭҮТШ	ЭҮП
3	Іс-әрекеттің атауы (операция, процесс, процедура) және олардың сипаттамасы	ЭҮП ЖСН/БСН бойынша паролді көрсетумен авторизациялануы	Пайдаланушы мәліметтерінің бұзылуына байланысты бас тарту хабарландыруы қалыптасады	ЭЦҚ таңдалады, қызмет таңдалады және мұқтажықтың мәліметтерін қалыптастырады	Қызметтің төлемі	Э Ц Қ дұрыстығының тексерілуі
4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	1 Форма	2 Форма	3, 4, 5, 6 Формалар	7 Форма	ЭЦҚ тексеру үшін басқармалар береді
5	Орындалу мерзімі	10–15 сек	20 сек	1,5 мин	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі іс-әрекеттің орындалуы	2 – пайдаланушының мәліметтерінде қателіктер болса; 3 – егер авторизация сәтті өтсе	-	4	5	6 – ЭЦҚ қателіктер болса, 7 – ЭЦҚ қатесіз болса

кестенің жалғасы

6	7	8	9	10
ЭҮП	Пайдаланушы	ЗТ МДҚ ЖТ МДҚ	ЗТ МДҚ ЖТ МДҚ	ЭҮП
Пайдаланушы мәліметтерінің бұзылуына байланысты бас тарту хабарландыруы қалыптасады	ЭЦҚ арқылы мұқтаждыққа қол қою	Мұқтаждықты қабылдау, ЗТ МДҚ ЖТ МДҚ іздеу	Мәліметтердің жоқтығына байланысты бас тарту хабарландыруы қалыптасады	ЗТ МДҚ ЖТ МДҚ-ден жауаптарды қабылдау
				ҚР ҚОҚМ ЭРБК ЭЦҚ қолдану арқылы

Мұқтаждықтың өңделуін аяқтауға басқарма береді	8 Форма	9, 10 Формалар	Мұқтаждықтың өңделуін аяқтауға басқарма береді	электрондық құжатты қалыптастырады
10–15 сек	10–15 сек	10–15 сек	10–15 сек	5 минут
-	8	9 – Мұқтаждық бойынша мәліметтердің ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ-да жоқ болса, 10 – Егер мұқтаждықтың мәліметтері табылса	-	-

2-Кесте. Қызмет көрсетуші арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

1	Іс-әрекет нөмірі (жүріс, жұмыс ағысы)	1	2	3	4
2	ҚФБ атауы	Қызмет беруші	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ	Қызмет беруші	ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ
3	Іс-әрекеттің атауы (операция, процесс, процедура) және олардың сипаттамасы	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ авторизацияланады	мәліметтерінің бұзылуына байланысты бас тарту хабарландыруы қалыптасады	қызмет көрсетушінің қызметкері қызметті таңдайды	Мәліметтерді тексеру үшін ЗТ МДҚ, ЖТ МДҚ сұраныс жолданады
4	Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)				
5	Орындалу мерзімі	10–15 сек	10 сек	1,5 мин	1,5 мин
6	Келесі іс-әрекеттің орындалуы	1 – «Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ қызмет берушінің мәліметтерінің логин және паролі дәлелдігін тексеру	–	4	5-пайдаланушының мәліметтерінде қателіктер болса; 3 –егер авторизация сәтті өтсе

КЕСТЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ

5	6	7	8	9
«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ	Қызмет беруші	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ
мәліметтерінің бұзылуына байланысты бас		«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ электрондық	«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ тұтынушы мәліметтерінің	

г а р т у хабарландыруы калыптасады	Құжаттарды тіркеп сұраныс нысанын толтыру	құжатты тіркеу және Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ өңдеу	бұзылуына байланысты « бас г а р т у хабарландыруы калыптасады	Электрондық құжат (электрондық лицензия)
1,5 мин	10–15 сек	15 жұмыс күні	-	-
-	-	8-«Е-Лицензиялау» МДҚ АЖ сұраныс бойынша мәліметтер жоқ болса; 9-егер сұраныс бойынша мәлімет табылса	-	-

«Озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды экспорттауға және импорттауға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі регламентіне

3-қосымша

Нысан

Электрондық мемлекеттік қызметтерінің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнамасы

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ш а ғ а н

о р т а н ы

қ о р ғ а у

«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу, лицензияға телнұсқасын беру» электрондық мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен (бұдан әрі – қызмет көрсетуші), сонымен қатар «электрондық үкімет» www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталдары (бұдан әрі – ЭҮП) арқылы көрсетіледі.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 1033 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті атқарушы органдармен қоршаған ортаны қорғау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандартын бекіту туралы» «Қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуге лицензия беру, лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу, лицензия және/немесе лицензияға қосымшасының телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметтің автоматизациялау дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы регламентте қолданылған ұғымдар мен қысқартулар:

1) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

2) бизнес-сәйкестендіргіш нөмір – қызметін бірлесіп жүзеге асырушы жеке кәсіпкер және заңды тұлға (бөлімше және өкілдік) үшін қалыптасқан бірегей нөмір (бұдан әрі – БСН);

3) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта рәсімделген, тоқтатылған,

жаңғыртылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ, лицензиялаушы бөлімшелері, өкілдіктері (объект, пункт, учаске), лицензиялаушы беретін лицензияның сәйкестендіргіш нөмірін орталықтандырылған қалыптастыратын лицензияланатын қызмет түрі (саласы) туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДҚ А Ж) ;

4) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында жеке сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДҚ);

5) жеке сәйкестендіргіш нөмір – жеке кәсіпкерге жеке кәсіпкер ретінде өз қызметін іске асырушы, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін қалыптасқан бірегей нөмір (б ұ д а н ә р і – Ж С Н) ;

6) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры – автоматты жинауға, сақтауға және ақпараттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың бірыңғай сәйкестендіргішін енгізу мақсатында бизнес-сәйкестендіргіш нөмірінің Ұлттық реестрін құру және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және құзыреті аясында мемлекеттік басқару органдарына және басқа да субъектілерге олар туралы өзекті және нақты ақпарат ұсынуға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);

7) құрылымдық-функционалды бірлік (бұдан әрі – ҚФБ) қызмет көрсету процесінде қатысатын бар мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері, мекемелер немесе басқа да ұйымдар және ақпараттық жүйе тізімі;

8) пайдаланушы – ақпараттық жүйеге оған қажетті электрондық ақпараттық қорды алу үшін жүгінген және онымен қолданушы субъект;

9) транзакциялық қызмет – электрондық сандық қолтаңбаны қолданып, өзара ақпаратты алмасу арқылы электрондық ақпараттық қорды қолданушыға ұсыну қ ы з м е т і ;

10) электрондық цифрлы қолтаңба – электрондық құжаттың нақтылығын және оған тиесілі мазмұнының айнымастығын дәлелдейтін және электрондық сандық қолтаңба құралдары арқылы құрылған электрондық сандық белгілердің жиынтығы (б ұ д а н ә р і – Э Ц Қ) ;

11) электрондық құжат - электронды-сандық пішінде ұсынылған ақпараттар және электрондық сандық қолтаңба арқылы дәлелденген құжат;

12) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы электронды пішінде көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

13) электронды лицензия – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы рәсімделетін және берілетін электронды құжат пішіндегі лицензия, қағаз н ұ с қ а л а р м е н т е н д е с ;

14) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

15) «электрондық үкіметтің» шлюзі - электронды қызметті жүзеге асыру шеңберінде «электронды үкімет» ақпараттық жүйесін интеграциялау үшін арналған ақпараттық жүйе (ЭҮШ);

16) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі – жеке және заңды тұлғалардың «электрондық үкімет» төлемдерін жүзеге асыру кезінде және жеке банктік операцияларды жүзеге асыратын мекемелер мен екінші дәрежелі банктердің ақпараттық жүйесі арасындағы әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін арналған автоматты ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮТШ).

